

Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-сі

2018-2019 оку жылында психология саласы бойынша атқарылған жұмыстың жылдық есебі

Атбұлақ 2018 жыл

2018-2019 оқы жылында педагог-психолог А.Ниязбекованаң атқарған жұмысының жылдық есебі

Мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың бейімделу процесі мен мінез-құлқына диагностика жүргізу мақсатында Г.Айзенктың тесті сауалнамалар алынды. Нәтижесі өндөліп, тәрбиешілеріне баяндалды. Тест нәтижесі бойынша жекеленген кеңес жұмысы мен топтық жұмыстар жүргізілді. Ортаңғы буынның оқушыларымен дамыту сабактары ұйымдастырылды.

03.09.2018 ж. күні мектеп қабырғасында 7-11 сыныптың оқушыларынан «Мектепке деген көзқарас» және қарым-қатынас деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша ортаңғы және жоғарғы буын сыныптың оқушыларына арналған дамыту сабактары мен жаттығулары ұйымдастырылды. Тәрбиешілермен біргелікте жұмыс жүргізілді. Сауалнамаға 311 оқушы қатысты.

1. Сыныптағы оқушылардың барлығымен қарым-қатынас жасайсын ба?

Иә – 88%; жоқ - 12%




2. Сыныптастар арасында досты қалай таңдайсын?

Мінезіне қарай – 59,3%;
Біліміне қарай – 7,7%
таңдамаймын – 32%




3. Сыныптастарыңа қалай көмектесесің?

Сабак жағынан – 89%;
қажет затын беру арқылы - 11%



4. Өзің оқып жатқан мектепке көнілің толады ма?

Иә - 96%;
жоқ - 4%



5. Күнделікті көңіл-күйінді неге теңер едің?

Күнге – 81%;

білмеймін - 13%;

бұлтқа - 6%




6. Қандайда бір іс-шараларда баяндама оқу кезінде қатты қобалжисың ба?

Иә – 36,3%;

жоқ – 25,9%;


кейде – 37,8%



7. Таныс адамның өтініші сені тітіркендіреді ме? (уақыт сұрау, сабак сұрау, т.б. зат сұрау)

Жоқ - 95%;

кейде - 5%



8. Қай жерде болмасын ұзак кезек ыза қылады. Осындай кезде кезектің соңына дейін күтесің бе, әлде бас тартасың ба?

Күтемін – 91,6%;


күтпеймін – 8,4%



9. Оку тақырыбы бойынша көмек сұрау сені ызаландырады ма?

Жоқ – 87,4%;

кейде – 12,6%



10. Қай сабактарға сен қуана қатысасың?

Алгебра – 60%;
Технология – 3,7%;
Орыс тілі – 2,3%;

биология – 11,2%
өзін-өзі тану – 5,2%
физика – 18,6%



11. Қай пән бойынша үйрімеге қатысар едің?

Ағылшын тілі – 47,2%
Ешқандай – 9,4%
Физика – 16,9;


математика – 16,8%
өнер – 6,2%
музыка – 4,1%



12. Көңіл-күйің болмаған кезде кіммен сөйлескің келеді?


Досыммен – 26,3%;
Өз-өзіммен – 18,7%;
Мұғаліммен – 9,6%

анаммен – 42%
психологпен – 12,4%




13. Мектептің ережесіне бағына аласың ба?

Иә - 93%;
кейде - 17%



14. Мектептің оқу-материалына көнілің толады ма?

Иә - 100%



Жаңадан қабылданған оқушылардан алынған тесттің нәтижесі:

Әткізілген күні: 10.09.2018 жыл

Қатысушылар: 7^A сынып.

Қатысқаны: 26 оқушы

Сауалнама тақырыбы: Г.Айзенктің темперамент типін анықтау тест.

Мақсаты: Оқушылардың мінез-құлқы мен акцентуациясын анықтау.

7а сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	сангвиник	холерик	флегматик	Меланхолик
1	Атажан Ерасыл	+		+	
2	Саттар Жәнібек			+	
3	Абдасил Нұрсая	+		+	
4	Махан Иманғали	+			
5	Көбей Санжар		+	+	
6	Жұрынбай Мәлік	+			+
7	Тоқтарова Тоқжан				+
8	Абдralы Бақдәulet	+		+	
9	Пернебек Нұрдәulet			+	

10	Закирқызы Зейнел	+				
11	Сапарали Аньель					+
12	Нұржіт Мерей			+		+
13	Рахматулла Мұстафа	+				+
14	Махан Сұндетали		+			
15	Мұсағалиұлы Асылжан	+		+		
16	Абдухайым Бейбарыс	+				
17	Қанышбай Назерке	+				
18	Ибрахим Рамазан			+		
19	Дастанбек Томага	+				
20	Жақсылық Гүлмира					+
21	Тасман Қайыржан			+		+
22	Пардақулов Рауан	+				
23	Әмірәлі Ұлжан			+		+
24	Артықбай Сафиназ			+		
25	Шілдебай Даина	+		+		
26	Қойшыман Мұқағали					+
Жалпы саны		Сангвиник – 23,1% Холерик – 3,8% Флегматик – 19,2% Меланхолик – 19,2% Сангво-флегматик – 15,4% Холеро-флегматик – 3,8% Сангво-меланхолик – 3,8% Флегма-меланхолик – 11,5%				

Диаграмма:



76 сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	сангвиник	холерик	флегматик	Меланхолик
1	Тастан Жаерке	+			
2	Сұлтанбек Мұхамедали	+		+	
3	Оралбек Дәурен		+		
4	Амангелді Шұғыла	+	+		
5	Жүсіп Ақзат	+			
6	Бектұрган Нұрсұлтан	+	+		
7	Пардекул Адина		+		

8	Имаш Саят	+	+		
9	Ізбасхан Жансая		+		
10	Шымкентбай Нұрпейіс		+		
11	Байбосын Нұрдәulet	+	+		
12	Тұрақ Ажар		+		
13	Малибай Нұр-Қадыр	+			
14	Асан Сымбат		+		+
15	Жолдыбай Жандияр	+	+		
16	Көлбай Ұлан			+	+
17	Серік Бібіхан			+	+
18	Бердалы Айтқұл		+		+
19	Құрал Көркем			+	+
20	Қалмен Жансая			+	+
21	Қасым Бейбарыс			+	
22	Жұмабай Сабина				+
23	Махаматжанов Олжас				+
24	Шарипбаев Аянхан	+			+
25	Сайлау Ерлан		+	+	
Жалпы саны		Сангвиник – 12%; Холерик – 12%; Флегматик – 12% Меланхолик – 8%; Сангво-флегматик – 4% Холеро-флегматик – 4%; Сангво-меланхолик – 4% Флегма-меланхолик – 16%			

Диаграмма:



Корытынды: тест нәтижесі өндөліп, оқушылар мен тәрбиешілеріне түсінік берілді.

Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын нығайту мақсатында «Мен ерекшемін» атты дамыту сабағы үйымдастырылды.

22.09.2018 ж. күні республика көлемінде өткен ата-аналар конференциясында «Отбасы бақыты» атты тренинг өткізілді. Ондағы мақсат Мектеп-Ата-ана-Оқушы үштігінің жұмысын нығайту болып табылады. 7 сыныптың ата-аналарына баланың мектепке бейімделуі мен бойында болатын өзгерістер туралы түсінік беріліп, төмендегі жаттығулар орындалды.

1. Сәлемдесу;
2. «Өрмекші торы» танысу;
3. «Отбасы бақыты» тақырыбын ашу, сурет салу, қорғау;
4. «Менің балам қандай?» жаттығуы;
5. Рефлексия.

Әрбір жаттығу орындалғаннан соң, ата-аналар өз ойларын ортаға салып отырды. Ата-аналардың белсенділіктері жоғары, ойларының үшқырлығын көрсете білді.



Қазан айында ортаңғы буын оқушыларының бейімделу процесін бақылай отырып «Гүл бейнесіндегі отбасы» тақырыбындағы әдістемесі өткізілді. Берілген тапсырмаларды оқушылар белсene орындағы. Әр баланың шығармашылық қабілетіне мән берілді. Тұйықтан келетін, көп сейлемейтін оқушылардың салған суреттері өте керемет орындалған. Салған суреттеріне оқушының өздері шағын сейлем құрастырып, қорғап берді. 7абв сыныптың тәрбиешілерімен бірлесе «Ортам, мен, отбасым» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің бірінші бөлімінде ойын-жаттығулар орындалды. Екінші бөлімінде шығармашылық қабілетке байланысты тапсырмалар орындалды.

8а сыныптың тәрбиешісімен біргеліктे «Табиғатта кездеспейтін жануар» атты әдістемесі жүргізілді. Интерпритациясы: 8а сынып оқушыларының салған суреттерінде агрессивті міnez танытатын оқушылар болмады. Талапқа сай салынған, санаулы оқушылардың қорытындысында бойларында қорқыныш, қобалжудың бар екенін көрінеді.

8абв сынып оқушыларының топтасуымен эстафеталық ойындар өткізілді. Сынып оқушыларын топқа бөліп, бір-біріне деген жауапкершіліктерін арттырып, топпен жұмыс жасау іскерліктерін дамыту мақсатында ой жылдамдығы, іс-әрекет жылдамдығына қатысты жаттығулар жүргізілді. Оқушылар толықтай берілген тапсырмаларды белсene орындағы. Топ басшы топ атынан ойларын қорытындылап, талдау жасалынды.

Республика көлемінде өткен «XXI ғасырдағы ата-ана: Өз балаңа үлгі бол!» тақырыбында конференция мектебімізде ұйымдастырылып, 14.10.19ж. күні 8-9 сынып оқушыларының ата-аналары шақырылды. Ондағы мақсат- «Мектеп», «Ата-ана», «Оқушы» арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайту болып табылады. Мектеп әкімшілігімен бірлесе жиналыста ата-ана мен бала арасындағы тәрбиелік қатынас тақырыбында слайдтар, бейнероликтер, баяндамалар оқылды және тренинг өткізілді. Тренингте ата-аналарды топқа бөліп, балаларының бойындағы қасиеттерін тізіп айту үшін моншақтар таратылды. Топ мүшелері белсенділік танытты. Соңғы кезекте постер қорғады, рефлексия жасап, бір-біріне ыстық тілектерін білдіріп тарқасты.



10абв сынып оқушыларының қатысусымен «Сенімділік кілті» бағдарламасына сай тренинг үйімдастырылды. Мұндағы мақсат бір-біріне сенім арту, көмектесу, қолдау болып табылады. Әр сыныптың оқушылары араласқан топ құрастырып, білімге, өмірге қатысты ақпараттарды толықтыру мақсатында тапсырмалар берілді. Мәселен, арифметикалық есеп, аяқталмаған мақал және топ ішіндегі үйымшылдық тапсырмалары т.б. Сабак соңында оқушылар рефлексия орындалды, өз ойларымен бөлісті.



Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері 11 сыныптан бөлінген екі топқа дамыту сабактары өткізілді. Тренингке 11абв сыныптың оқушылары қатысты. Мақсаты – оқушы бойындағы қорқынышын сейілту, сенімділіктерін арттыру. «Алынбайтын асу жоқ», «Жұмыла көтерген жүк женіл болады» тақырыбында өткен сабактардан көрініс.



Әр айда «»Инабат» қыздар үйімінің қыздар жиналышы өткізіледі. Қазан айының қорытындысы бойынша «Жас ұлан» шаңырақ қауымдастырының қыздары «Бой түзеу – алдымен ой түзеу» тақырыбында жиналыш өткізді. Шаңырақ қыздары қызы балага тән қасиеттерді айта отырып, мақа-мәтел жарысын үйімдастырды. Бір ай бойына жүргізілген бақылау нәтижесінде

8 және 10 бөлменің қыздары өте тәртіпті, әрі таза деп танылып, ауыспалы алғыспен марарапатталды. Өзге бөлменің де қыздарының ауыспалы марарапатқа лайық екенін айта келе, тәртіптілікке, инабатты болуға шақырды.



Арттерапияның бір түрі ертегі, құм терапиясын қолдану мақсатында 9 сынып оқушыларымен жұмыс жүргізілді. Ең алдымен оқушылар топпен, сосын жеke жұмыс атқарды. Бұл баланың шығармашылық қабілетін шындалап, ойын ашық жеткізуге мүмкіндік береді. Ертегі терапиясының маңыздылығы бала өзін бейнелеп, дәл сол кездегі көніл-күйін сомдап береді. Аталмыш әдістерді қолданып, нәтижесі тәрбиешілерге айтылды. 016.02.017.06 кодтағы оқушылар жеke кенеске шақырылды.



Профорентатор бағыты бойынша мектептің 9-11 сынып оқушыларының сұранысы бойынша қайталама тест алынды, қорытындысы туралы жекелеген оқушыларға толықтай мәліметтер берілді. Бұл тестпен қатар 11-сынып оқушылары Дж.Голланд әдістемесімен жұмыс жүргізіліп, нәтижесі өндөлді.

Қатысушылар: 11^A сынып

Қатысқаны: 25 оқушы

Тестің тақырыбы: Клиновтың 5 жіктемесі әдісі бойынша оқушының мінез-құлқы мен кәсіптік бағдарын анықтау.

Тесттің мақсаты: оқушының мамандыққа икемділігін анықтау.

Күтілетін нәтиже: мамандық таңдауға мүмкіндік, кенес беру.

11a сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	A-табиғат	A-техника	A-адам	A-белгілеу жүйесі	A-көркем бейне
1	Сәтбек Еламан		+			
2	Әсілбеков Досымхан				+	
3	Оңалбаева Алтынай					+
4	Әсет Дина			+		


5	Жақсылық Элия			+ +		
6	Темір Нұрмахан		+			
7	Әуезов Абзал			+ +		
8	Қарсыбай Нұрахмет			+		
9	Сапархан Айғаным			+		
10	Сұлтанбек Тоғжан			+		
11	Сман Айдын		+			
12	Түменбай Бексұлтан	+				
13	Қалыбек Иманғали		+			
14	Садуақас Ердаulet	+				
15	Әуезхан Айдана				+ +	
16	Анаrbай Сұндетқали			+		
17	Сапабек Акмейір			+		
18	Мұхтарбек Қаныбек		+			
19	Ордабаева Эльнұра			+		
20	Жамал Саян				+ +	
21	Жұмаділла Аружан		+			
22	Мыңтай Сүлеймен				+ +	
23	Біләл Болат				+ +	
24	Мырзалы Рахымжан				+	
Жалпы		2/8%	7/28%	5/20%	9/36%	2/8%

Диаграмма:



Ортаңғы буын 7-8 сынып оқушыларының интеллектісінің шкаласын диагностикалау мақсатында Айзенктың сандық тесті алынды. Мақсаты – оқушылардың ақыл-ой деңгейін анықтау болып табылады. Жалпы тестке 7 сыныптардан 72 оқушы, 8 сыныптардан 66 оқушы қатысты. Тест 4 субтесттен кұралған, әрбір субтестте 10 сұрақтан бар. Әр субтеске белгілі уақыт беріледі. Оқушылардың барлығы дерлік тапсырмаларды тиянақты, жауапты орындаған.

Диаграмма:



Тест нәтижесімен тәрбиешілерге таныстыра отырып, сыйнып ұжымымен сауықтыру материалдарымен тренинг сабактары үйімдастырылды.

Мектеп ұжымының жас мамандарымен ағарту сабагы өткізілді. Ондағы мақсат мамандардың өз саласындағы бір-біріне қолдау көрсетуі мен жағдайдан шыға алуы болып табылады. Психологиялық жаттығуларды орындаған келе, мамандар арттерапия әдісінің бір саласын қолданады. Жұмыс орнын суреттеп, ондағы қындықты қалай жену керектігі туралы суреттеді. Қосымша жағдаятты талдау, сөйлемді жалғастыру тапсырмалары орындалды. Мәселен, сыйныптағы ең тәртіпті оқушы мен назарды қажет ететін оқушымен жұмысты қалай алыш баруға болатыны туралы болды.

«Күрметтім, саған не тілейін!» тақырыбында 7абв және 10 сыйнып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстелі өткізілді. Дөңгелек үстел бірнеше сатыны қамтыды. Сұрак-жауап, жаттығуларды орындау, «Өз ойым» жаттығулары орындалды. Оқушылар топтастырылды, топ басшысына арнайы сұрақтар қойылды.

1. Досты қалай бағалайсың?
2. Достың неше түрі болады?
3. Достың бойында қандай қасиеттер болу керек?
4. Достарыңа не тілер едің?
5. Үлкеннің кішіге тілекtes болуы деген не?

Ауданнан келген хаттар бойынша жұмысты жүргізу мақсатында алдын-алу бағыты бойынша жұмыстар жүргізілді. Ортаңғы және жоғарғы сыйнып оқушыларына арналған сауалнамалар, эссе жазу, сурет байқаулары өткізілді. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында эссе жазылды. Кондаштың «Қобалжу шкаласы», Г.Айзенктің «Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау» сұрақнамалары алышып, нәтижесі шықты.

Қатысушылар: 7^{A,B,B} сыйнып

Қатысқаны: 73 оқушы

Тестің тақырыбы: Кондаштың «Қобалжу шкаласы» әдістемесі

Тесттің мақсаты: ситуацияға деген қобалжу деңгейін, оның шығу себебін анықтау.

Күтілетін нәтиже: оқушылардың бейімделу процесінде психологиялық қолдау көрсетіледі.

Әдістемеде үш тип бойынша жағдайды қарастырады:


Мектеп және мұғалімдермен қарым –қатынасына байланысты жағдайлар;

Өзіндік бағасы туралы жағдайлар;

Қарым-қатынас жағдайлары.

Зерттеу нәтижесі:

Қобалжу деңгей	Қатысқан оқушы саны 73 оқушы	Мектептік	Өзіндік бағасына байланысты	Тұлғааралық
0-19 үпай Қалыпты		35 / 47,9%	39 / 53,4%	41 / 56,2%
20-29 үпай Орта		38 / 52,1%	33 / 45,2%	32 / 43,8%
30 үпай ж/е одан жоғары Жоғары			1 / 1,4%	



Катысушылар: 8-11 сынып окушылары.

Катысқаны: 279 окушы

Тестің тақырыбы: Г.Айзенктің “Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау” сұрақнамасы

Тесттің мақсаты: окушылар арасында, мектепте, қоғамдық орындағы жағдайын анықтау.

Күтілетін нәтиже: окушыларға психологиялық қолдау көрсетіледі.

Г.Айзенктің “Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау” сұрақнамасының кілті :

Сұрақнамада зерттелінген шкалалар келесі түсініктемені қамтиды.

- **Үрейшілік шкаласы** – үрей жағдайы төмен кезде де, бейберекет мазасызданды.
- **Фрустрация шкаласы** – мақсатқа жетудегі нақты немесе нақты емес тосқауылды сезінуден туындастын психологиялық жағдай.
- **Агрессия шкаласы** - өзгеге күш көрсету арқылы лидерлікке үмттылудың, көтерінкі психологиялық белсенділік көрсеткіші.
- **Икемсіздік шкаласы** – кезкелген әрекетті өзгертуге талап қойылғанда субъектің қинаулының көрсеткіші.

Денгей/ шкала	Үрейшілік	Фрустрация	Агрессия	Икемсіздік
Қалыпты 0 - 10	78,2	64,9	72,04	57,3
Орта 11 - 15	20,4	32,2	26,9	36,6
Жоғары 15 - 20	1,4	2,9	1,1	6,1

Диаграмма:



Жүргізілген жұмыс нәтижесін өндеп, әрбір сыныпта «Мен дарынды баламын» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді. Сынып окушыларының белсенділіктері жоғары, ым-

ишаралын көрсетеу керек тапсырмалардың барлығын тиянақты, әрі жауапкершілікпен орындалады.

Аптаның сәрсенбі және жұма күндері 11-сыныптың оқушыларымен дамыту сабағы үйымдастырылды. Ондағы мақсат – оқушыға психологиялық қолдау көрсетеу болып табылады. I және II топқа бөлінген сынып оқушыларымен психологиялық жаттыгулардан бөлек жауап паралының дүрыс боялу жолдары мен мини-лекциялар оқылды. Тренинг, шығармашылық сабак, спорттық ойындар өткізіледі. Әр топтың оқушылары сабакта ойларын еркін айттып, бір-бірімен пікір алмасты.


7-9 сынып оқушыларына арналған логикалық, ынталандыру материалдарымен жұмыс жүргізу мақсатында шульте кестесі, қызыл-қара кестесі, «Артығын тап»; «Санды есте сақта», «Сөздерді жатта», «Әңгіме құрайық», «Сөйлемді жалғастыр» әдістері өткізілді.

Ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған «Ертегілер еліне саяхат» атты әдістемесі үйымдастырылып, онда оқушылар өз отбасыларының портретін бейнеледі. Бейнелеу барысында оқушының қандай түстерді қолданғанына мән беріліп, интерпритациясы жасалды. Әдістемеге 72 оқушы қатысты. Бұл оқушылардың қалыптасуындағы деңгейдің қалыпты деңгейде екенін байқатады. 7-8 сынып оқушыларынан жоспарға сай сауалнамалар жиынтығы бойынша жұмыс жүргізіліп, анықтамасы түзілді. Мақсаты – оқушы бойындағы зейін тұрақтылығы мен есте сақтау қабілеттерін анықтау.

7-8^{A,B} сынып оқушыларынан 138 оқушы қатысты. «Айырмашылықты тап», «Сөйлемді жалғастыр» атты әдістемесінің қорытындысы:

№	Катысқан оқушылар саны	30-34 сөз/Ж	20-29 сөз/О	10-19 сөз/Т
7а	25	32,9%	62,1%	5%
7б	26	30%	62%	8%
7в	21	29%	56%	15%
8а	25	54,3%	36,1%	9,6%
8б	24	52,3%	36,3%	13,4%
8в	20	45%	46%	9%

Диаграмма:



9^{A,B,C} сынып оқушыларының есте сақтау қабілеттерін диагностикалау мақсатында «Қызыл-қара» кестесі мен «Сандарды есте сақта» әдістемесі жүргізілді. Оқушыларға арнайы A4 форматтағы шатасқан сандар жиынтығының кестесі ұсынылып, белгілі бір секундтар ішінде сол сандарды реттеп шығу тапсырылды. Сынып оқушыларының белсенділіктері жоғары, әр бала орта есеппен шаққанда 1 минут 15 секунд уақытты жұмсады. Қосымша ынталандыру материалдарын қолдана отырып, жылдамдықты анықтау үшін ребустар, анаграммаларды жүргітаса отырып орындалады.


8-сынып оқушыларымен «Өзгеден табылмайтын қасиетім» атты дамыту сабағы үйымдастырылды. Мұнда әрбір оқушыға қорапшадағы адам бейнесі көрсетілген суреттер

тааратылып, сол бойынша әр окушы өз ойын ортаға салды. Бала өзінің мінез-құлқын берілген адам бейнесімен салыстыра отырып, жағымды және жағымсыз тұстарын бейнелеп, әрі ауызша баяндап берді. Орындалған жаттыгуулар:

- Сәлемдесу;
- Дәліз 20 минут;
- Бұдан да жылдамырақ болады ма?
- Сикырлы әріптер;
- Рефлексия.



Әр аптаның сәрсенбі және жұма күндерінде ҰБТ-ке қатысушы окушылармен дамыту сабактары өткізілді. Мақсат- окушының кезкелген ситуациядан шыға білу іскерлігін дамыту болып табылады. Мәселен, «Мен өз өміріме қожайынын», «Алынбайтын асу жоқ», «Қарауыл» атты сабактары ұйымдастырылады. Өткізілген дамыту сабактарында окушы «Дәл осы жерде» және өзгөні бағаламау қағидасын ұстанып, берілген тапсырмаларды тиянақты орынданап шығу қажет. Сынама тест кезіндегі жауап парадының дұрыс боялуын дағдыландыру мақсатында окушы қолына жауап парапашаларының көшірмесі берілді.



ӨӨБ ұйымымен біргелікте 7абв сынып окушыларымен «Дос болайық бәріміз!» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты – ортаңғы буын окушыларының өзара қарым-қатынастарын нығайту болып табылады. Тренинг бірнеше кезеңді қамтыды. Танысу, топтасу, ән табу, сергіту сәті, «Өз ойым» жаттыгуы, рефлексия жасалды. Окушылар бір-бірімен жақынырақ танысусына мүмкіншілік тудыратын жаттыгулар орындалды.



9 сынып оқушыларының қатысуымен «Мінез адам көрсеткіші» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Жалпы оқушылар мінездің тұа немесе жүре пайда болатындығы туралы пікір алмасты. Әр оқушы мінездің бастапқы қалыптасуы отбасында екенін ұғынып, қоғам ортасындағы мінездің өзгеруі тікелей адамның өзіне қатысты екенін ұғынды. Дөңгелек үстел тірек сөздермен қорытындыланып, хаттамасы түзілді.

Аудандық білім бөлімінен келген хаттарды орындау мақсатында мектеп оқушыларының қолына үlestірме қағаздары таратылып, әр сыныптың тәрбиешілерімен біргелікте оқушыларға ашық сабактар ұйымдастырылды. Үlestірме қағазда интернеттегі балалардың қауіпсіздігі туралы баяндалған. Оқушыларға 5 қағиданы түсіндіріп, бағыт-бағдар көрсетілді.



/Үlestірме қағаздары таратылуда/



/Өткізілген ашық сабактардан көрініс/

11 сынып оқушыларының мамандыққа икемділіктерін анықтап, оларға бағыт-бағдар беру мақсатында облыстық хатта көрсетілген kasipost.kz сайтынан онлайн режимде тест тапсырылып, нәтижесі өндөлді. Тестке 61 оқушы қатысты. Тест нәтижесі бойынша әр оқушыға кенес берілді.

Қантарда түзілген жоспарға сай жұмысты алып бару мақсатында диагностикалық жұмыс материалдары даярланып, 5 бағыт бойынша жұмыстар жүргізілді. 7-8 сынып ата-аналарының сұраныстарын атқару үшін оқушыларды жеке кеңеске шакырып, арт-терапиялық әдіспен

жұмыс жүргізілді. Онда «Бір бала» туралы ертегі, ойымдағы бейне тақырыбында суреттер салдырып, интерпритация шығарылды. 022.24, 022.01, 022.08, 023.13, 022.09, 004.26, 004.23 кодтағы оқушылармен жұмыс атқарылды.


9-11 сынып оқушыларының агрессиясы мен акцентуация типін анықтау мақсатында Басса Даркідің әдістемесі алынды. Мақсаты – мазасыздану, қобалжу деңгейін анықтау болып табылады. Әдістеменің нәтижесі бойынша қобалжу деңгейі жоғары деген оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді. Қорытындысы өндөліп, сыннып оқушыларымен дамыту сабабы жүргізілді.

Нәтижесі: Қатысқан оқушылар саны: 165 оқушы **Фотоальбом**



Корытынды бойынша әр сынныптарды тоғтастыра отырып тренингтер өткізілді. «Өзгеден табылмайтын қасиетім» атты дамыту сабабы үйымдастырылды. Мұнда әрбір оқушыға қорапшадағы адам бейнесі көрсетілген суреттер таратылып, сол бойынша әр оқушы өз ойын ортага салады. Орындалған жаттыгулар:

- Сәлемдесу;
- Дәліз 20 минут;
- Бұдан да жылдамырақ болады ма?
- Сиқырлы әріптер;
- Рефлексия.





/9абв сынып оқушыларына өтілген тренинг көрінісі/

II жарты жылдықтың жоспарына сай ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыларына арналған сауалнамалар мен дамыту сабактары ұйымдастырылып, хаттамалары жазылды. Әр аптанаң сәрсенбі және жұма күндері 11^{А,Б,В} сынып оқушыларынан құралған екі топтың оқушыларымен тренинг сабактары өткізілді. Мақсаты – сынама тест барысындағы психологиялық ахуалды қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру болып табылады. Дамыту сабагы барысында орындалған жаттығулар:

1. Сын есіммен танысу;
2. «Мен мәреке жетемін!»;
3. Қарауыл;
4. Бос орынды иемдену;
5. Сантики, фантики;
6. Қасиеттер базары;
7. Клиновтың 5 жіктемесі;
8. Құмыра ойыны;
9. Армандар орындалады;
10. Гүл күлтешесіндегі тілек;
11. Әңгімелеу емес, бейнелеу;
12. Релаксация;
13. Рефлексия т.б.


Дамыту сабактарынан фотоэтюдтар:





Аудандық комиссириатқа баратын оқушыларға мінездеме жазу үшін берілген арнайы тест пен оқушының агрессиясы мен акцентуациясын анықтауға арналған әдістеме алынып, жекеленген мінездемелер жазылды. Арнайы тест 90 сұрақтан құралған. Онда оқушының логикалық қабілеті мен жылдам әрекет жасап, ойын жинақтауға арналған сұрақтар берілген. Ер балалардың басым көшпілігі 70-80 баллдық жүйені көрсетті.

Психодиагностикалық бағыт бойынша ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған «Кім жылдам» әдістемесі алынды. Мұндағы мақсат – баланың интеллектуалды ойлауы, логикасы, есте сақтау қабілеттеріне зерттеу жүргізу болып табылады. Нәтижесі өндеп, қорытындысымен сынып жетекшілері мен тәрбиешілеріне таныстырылды.



Мектептің қыздар ұйымының ұйымдастыруымен «Қызды қырық үйден тыю» атты тақырыпта қыздар жиналысы өтті. 10в, 7в шаңырақ қауымдастырының оқушылары арнайы видео даярлап, арнайы сұрақтар әзірлеген. Жоғарғы сыныптың қызы балалары сұрақтарға жауап берे отырып, тәменгі сыныптың қыздарына бағыт-бағдар көрсетті. Ауыспалы дипломдар «Ең таза бөлме», «Ең тәртіпті қыздар» номинациясымен марараптталынды. Жиналыс соңында мектеп дәрігерімен бірлесе отырып, қыздар кеңес берілді.

ОФБ ұйымымен біргелікте 8ав буын оқушыларына арналған «Достық қарым-қатынасты арттыру» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Мұндағы басты мақсат- оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту болып табылады.



/ 8 сынып оқушыларымен өткен тренинг көрінісі/

«Сенімділік кілті» бағдарламасына сай жұмыс жүргізу мақсатында

9 және 11 сыныптың оқушыларымен дамыту сабағы өткізілді. Мұнда оқушының өзіне деген сенімділігін арттыруға арналған бірнеше жаттығулар жасап, сабақ соңында жауап параллесінде дұрыс бояу ережелерімен таныстырылды.

11-сынып оқушыларының сынама тест барысында психологиялық жағымды ахуалын қалыптастыруды жекеленген оқушылармен релаксациялық әдіс, аутотренинг үйымдастырылды. Тренинг өту барысында әр оқушының іс-қимылы мен сейлеуіне үлкен мән берілді, ейткені оқушы бойындағы эмоциясын ортасында көрсететіндіктен, жеке кеңес жұмысы жүргізілді. Сабақ барысында орындалған жаттығулар:

1. Қол алысу;
2. Қандай кейіп;
3. Психотехникалық жаттығуы «Аскар айтты»;
4. Өз мұратына жету;
5. Жағымды сөз;
6. Бал шам;
7. «Сен кімсің»;
8. «Ырылда арыстан, ырылда, тықылда поезд, тықылда»;
9. Құпияны іздейміз. Рефлексия.

9аб сыннып оқушыларының өзара үйымшылдығын қалыптастыру мақсатында мектеп АКТ залында «Сенім менің жанымда» атты дамыту сабағы өтті. Мақсаты – оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас тудыру, сенімділікті арттыру. Сабакта оқушылар толығымен өздерінің ойларын ашып айттып, жаттығуларға белсене қатысты. Орындалған жаттығулар:

1. Сәлемдесу Бумба-Юмба
2. Топқа бөлу түстер бойынша таптастыру
3. Кім жылдам әрекет етеді;
4. Топ ішіндегі сенімділік қағидасы
5. Алдаймын, алдамаймын;
6. Қарауыл;
7. Аяғы басын ұста;
8. Бос микрофон. Рефлексия.

01.02-12.02.2019 ж. күндер аралығында өтетін «Өзін-өзі тану: Махаббат пен

Шығармашылық» тақырыбында Республикалық дәстүрлі онкүндік үйымдастырылды. Мақсаты – адам бойындағы мейірімділік, шығармашылық, сабырлық тағы басқа да қасиеттерді дамыту болып табылады. Аталмыш онкүндіктің әрбір күнінде сыннып сағаттары мен сынныптан тыс іс-шаралар өткізілді. «Ұстазым мақтанышым» акциясы, «Отанға деген сүйіспеншілік» сурет

құрастыру, ұстаздар мен оқушыларға арналған квест ойыны, «Руханилықтың қайнар көзі» тақырыбында сурет байқауы, конференциялар мен дөңгелек үстелдер үйымдастырылды. Салтанатты түрде ашылу салтанаты өтіп, онкүндік тақырыптары таныстырылды. Ортағы және жоғарғы сынып оқушылары декадаға белсene қатысып, мараптаттарға ие болды. 12.02.2019 ж. күні Сара Алпысқызының құрметіне әр сыныптарда сабактар өткізілді. Өткен онкүндіктен фото этюдтар:



10 авын оқушыларының өзара сенімділіктерін арттыру мақсатында «Алынбайтын асу жоқ» тақырыбында дамыту сабагы өткізілді. Сабакта оқушылар ойларын еркін жеткізіп, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасады. Түрлі берілген техникалық жаттығулар мен тапсырмаларды топпен жоғары деңгейде орынданған өтті.

Оқушыларды әдептілікке, сыйрайлыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатында 7-8 сыныптың тәрбиешілерімен бірлескен түрде «Мениң икемділіктерім» тақырыбында дөңгелек үстел үйымдастырылды. Онда қыздар мен ұлдар арасындағы сыйластықты жайлы мәселелер көнінен талқыланып, сыныпта жылылық атмосферасы бар екені байқалды. Әр оқушының өз ойын жеткізуіне жағдай жасалып, икемділіктерімен бөлісті.



Қыздар үйімінің айлық жоспарына сай «Қыз – өмірдің гүлі» тақырыбында Юные гений шаңырағының сахналық көрінісімен қыздар жиналысы өтті. Қыз балаға тән тәрбиенің қайнар көзі отбасында берілетінін қысқа бейне фильмдерден көрсетіп, айлық қорытындының нәтижесі бойынша «Ең тәртіпті», «Ең таза бөлме» номинацияларымен қыздар марапатталды.



8-сынып окушыларының Ортаңғы буын сынып окушыларының логикалық ойлау қабілеті, жылдамдығын анықтау мақсатында лабильдік тесті алғынды. Тестте 42 тор көзде тапсырма беріледі, әр тапсырманы орындауға 2-3 секунд беріледі. Окушылар жылдам қимылдау арқылы тәмендегі нәтижені көрсетті.


8^{A,B},^B сыныптан 69 оқушы қатысты.

4-5 қате жоғары лабильділік

6-10 қате орта лабильділік

11-16 қате тәмен лабильділік

17-25 қате өте тәмен лабильділік



9-сынып оқушыларының қатысуымен «Менің отбасым - құндылығым» тақырыбында дәңгелек үстел үйимдастырылды. Өз ойларымен толықтай бөлісу үшін, оқушылар «Гүл бейнесіндегі отбасын» суреттеп, ойларын қорытындылады.

10-сынып тәрбиешілерімен бірлесе отырып, мектептің тәжіриbesі мол ұстаздарымыздың қатысуымен «Мен тандаған мамандық» тақырыбында үлкен жиын өткізілді. Онда 8-11 сынып оқушылары қатысып, өздеріне қажетті мәліметтерді ала алды.



9-11 сынып оқушыларының жауап параптарын дұрыс пайдалану мақсатында түсінік жұмыс жүргізілді. Мақсаты – жауап параптасын тиімді пайдалану болып табылады. Арнайы парапшалардағы варианктарды 10-15 минут ішінде белгілеп шығу тапсырылды. Оқушылармен сұхбаттасқанда басым көпшілігі қателесу мен жауап парапын дұрыс боямауда өздерінің сенімсіздіктері мен қобалжуларынан болатындығын айтты. Осы сұхбатқа сүйене отырып, аптаның белгіленген күндері 11 сынып оқушыларымен дамыту-түзету сабактары үйимдастырылды. Өтілген жаттығулар:

1. Топпен сәлемдесу;
2. Сұрағыма жауап бер!;
3. Тасбақа жүгірісі;
4. Бойдағы қорқынышты жеңу ойыны;
5. Болады, болмайды;
6. Сөзден сөзді ізде;
7. Джунглидегі жаңбыр;
8. Таңғажайып дорба;
9. Рефлексия т.б.

Жүргізілген сабактардан соң 11-сыныптың оқушылары қосымша жеке кеңеске келіп, сұрақтарына жауап алды.

«Инабат» қыздар клубының үйимдастыруымен «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» тақырыбында шаңырақтар арасында қызының байқауы өтті. Эр шаңырақтан бір арудан қатысып, ез өнрін паш етті. Әділ-қазылар қазақ салтына қатысы бар бірнеше сұрақтар, мақалдар, жұмбактар қойып, әділ бағаларын берді. Нәтижесінде бас жулде 9а сынып оқушысы А.Байдулла, I орын 10б сынып оқушысы А.Қаныбек, II орын 10в сынып оқушысы Ж.Тұрғынбек, III орын 9б сынып оқушысы А.Пардакулова, инабатты, әрі ибалы қызы номинацияларымен 9в және 10а сынып оқушылары А.Қанат, Д.Мошқалова марарапатталды.



Алдын-алу бағыты бойынша «Кектүс» әдістемесін негізге ала отырып, ортаңғы буын сынып оқушыларымен арттерапия әдісі жүргізілді. Мұнда әр оқушының салынған суретін, қолдан жасаған коллаждарына интерпритация жасалды. Оқушылар ашық түстер көбірек қолданып, өмірге деген көзқарастарының жоғары, әрі жауапкершіліктерінің мол екенін көрсеткен.


Мектеп әкімшілігімен біргелікте жүргізілетін жоспарға сай мектептің жас мамандарымен арнайы тренинг ұйымдастырылды. Мұнда Қазақстан жастар жылы туралы шағын әңгіме құрастыра отырып, мамандардың белсенділіктерін арттыруға арналған жаттығулар орындалды. Яғни, маман өзінің жұмысын сүйе отырып, оқушыны таңдамай, ынталанып жұмыс жүргізу керектігі туралы баяндады. Тренинг барысынан фото көрініс:



Ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған ынталандыру материалымен жұмыс ұйымдастырылып, бейнеленген көріністер бойынша жекеленген және топпен дамыту жұмыстары атқарылды. 9^A сынып оқушыларын топқа бөліп (таң, тұс, кеш, тұн топтары), сол бойынша түрлі түсті қағазбен, краскамен бейнелеу тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді және ойлары ұшқыр екенін танытты. Әр топта өзіне тән лидерлер болды. Олар: Бауыржан, Әсем, Максат, Дінмұхамед. Плакатта орналасқан бейнелерін мақалдармен қорғап өтті. Дәл осы жұмыс 9^B сыныбында да орындалды. Бұл сыныптағы оқушылардың шығармашылық қабілеттері толығымен шындалмағандықтан, суреттерін толық қорғап бере алмады. Осыған орай сыныпта психотренинг ұйымдастырылды. Мысалы, «Айналым», «1-ден 10-ға дейін», «Детектив», сергіту сәттері. Жекеленген оқушыларға орындауға үй тапсырмалары берілді.

8абв сынып оқушыларының есте сақтау қабілеті, зейіннің көлемдері анықталды. Ол үшін оқушыларға 20 бейнелі суреттер мен логикалық жаттығулар тапсырылады, әр затты есте сақтаған сайын жаттығуды қындастылады. Материалдарды есте сақтау реті бұзылғанымен,

оқушылардың атауларды жылдам естерінде сақтады. Ал, зейіннің тұрақтылығын анықтағанда бірнеше қателер жіберілді. 1 минутта кесте ішіндегі шатасқан әріптерді табу кезінде, балалардың басым көпшілігі шатасып отырды. «Шатаспаймын», «Оңдан солға» жаттығулары қатар орындалды. Ортағы сынып оқушыларымен түзету жұмыстарын жүргізіп, алынған нәтижелер бойынша сынып жетекшілер мен тәрбиешілерге мәлімет берілді. Қайталама алынған (зейін) тестінің қорытындысы:



10-сынып оқушыларына арналған «Менің жетістігім, менің жеңісім» атты психологиялық тренингі жүргізілді. Мақсаты – кезкелген жағдайдағы іс-әрекеті мен өзіне деген сенімділігін қалыптастыру болып табылады. Орындалған жаттығулар:

1. «Карауыл»;
2. «10 жылдан кейінгі кездесу»;
3. Ситуациядан шығу икемділікті анықтау;
4. «Бір уыс кедергі»;
5. «5 құндылық»;
6. «Детектив»;
7. «Алтын білезік».

Жаттығу барысында әрбір баланың іс-әрекетіне үлкен берілді. 10 абауырдың оқушылары қатысқандықтан, сыныпты бірнеше топқа бөлу арқылы, олардың қыындықтан қалай өтетіндіктері, агрессиялығы, шапшандағы, өзгелермен қарым-қатынасын анықтау қажет. «10 жылдан кейінгі кездесу» жаттығуында оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің жоғары екені байқалды. «Детектив» атты жаттығуда балалар мамандықтарды жасыру арқылы оны шебер жасыра білді. Сабак нәтижесінде А.Қанат, Е.Сайлауов деген оқушыларды жеке кеңеске шақыру қажет.

Откен дамыту сабактарынан көрініс:



Жоспарға сай алдын-алу бағыты бойынша ортаңғы және жоғарғы буынның сынып оқушыларымен ауызша сұхбаттасу мен дамыту сабактары, дәңгелек үстелдері өткізді. Мәселен, «Мен өмірге құштармын» сұрақ-жауап (сұхбаттасу), «Жұмыла көтерген жүк жөніл болады» атты тақырыпта дәңгелек үстелі. Оқушылардың жауаптарына қарай талдау жасалып, бағыт-бағдар көрсетілді. Онда талқыланған сұрақтар:

1. Менің ортамдағы өзіндік орным қандай?
2. Мен жететін жетістік...
3. Жолым болмаған жағдайда, өзімді ситуациядан қалай алып шығамын?
4. Достарымды ренжіткен кезде, өзімді...
5. Таңдау жасарда жолдастарым мен ата-анама үлкен үміт артамын...

Мұнда оқушылар өздерінің даярлап келген сұрақтарына да жауап ала алды. Сұхбаттасу сонында ынталандыру материалдарымен колаж жасап өтті. Яғни, қазіргі әрекеттерін суреттермен бейнелеп, қорғап өтті.

10-сыныптың оқушыларынан «Өмір, жар, дос» деген сынақ, “Үстамдылардың қатарынансыз ба?”, «Сдержаненный ли ты человек?» атты шағын тест алынып, қорытындысы өндеді. Мақсаты-ашулану деңгейін анықтау. Интерпритациясы:

10^A сыныбынан 22 оқушы қатысты; 10^B сыныбынан 23 оқушы; 10^B класс 12 учеников. Тест нәтижелері: 1,5,7-ші сұрақтарға “жоқ” деп, бұдан өзгелеріне “иә” деп жауап берген болсаңыз, әр сұрағыңыз үшін 1 ұпай есептеледі.

0-3 ұпай. Адамдармен қарым-қатынасыңыз нашар. Мінезіндің тұрақтылығы соншалық, қажет болса да, өз дегеніңізден қайтпайтын қырсық адамсыз. Кей адам сізді тік мінезіңіз үшін ұнатпайды. Іштей достарыңызға да, бейтаныс адамдарға да адалсыз. Алайда өзгелерге жылы қабақ танытып үйренгеніңіз абыз.

4-6 ұпай. Айналаныздағылармен қарым-қатынас жасауыңызға байланысты жақсы да, жаман да жақтарыңыз бар. Адал болсаңыз да, ішкі жан-дүниеніздегі жылы сезімдерді көрсете бермейсіз. Сізге өзгелердің пікіріне құлақ асып үйрену қажет.

7-10 ұпай. Қарым-қатынас мәселесінде өте белсендісіз. Ситуацияға сәйкес кез келген рөлге еніп, өз дегеніңізге жете аласыз. Ең бастысы айналаныздағыларға жақсы әсер қалдырасыз.

10а сыныбы:

0-3 ұпай жигандар: 3 оқушы – 13,6%;
4-6 ұпай жигандар: 14 оқушы – 63,6%;
7-10 ұпай жигандар: 5 оқушы – 22,7%;

10б класс:

1. 8 ученика – 66,7%;
2. 4 ученика – 33,3%;

Диаграмма:



Қорытынды: Сыныптың басым көпшілігі жолдастарына сенім артып, тығырықтан шыгарда ортаға жүгінетіндіктерін жазған. Кейбір окушылар ситуациядан шығуда тек өзіне ғана сенетіндігін жазған.

Жоспардан тыс Республикалық қыздар күніне арналған онкүндіктің жұмыс жоспары түзіліп, мектеп әкімшілігінің қатысуымен ашылуы болды. Онкүндік жұмыс жоспары мен мақсаты таныстырылды.

Окушы қыздардың білім алу, медициналық қызметті алу, кемсітушіліктен, зорлық-зомбылықтан, ерте және мәжбүрлі некеден қорғалу құқықтарын жүзеге асыру бағытында мектептерде «Инабат» қыздар үйімінің «Бой түзеу – алдымен ой түзеу» тақырыбында конференция, «Бүгінгі замандағы бойжеткеннің келбеті» пікірталас, сауалнамалар, «Қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» дөңгелек үстел, «Мені толғандырған сұрақтар» тақырыбында кеңес жұмыстары жүргізілді.

10^{А,Б,В} сыныптың қызы балаларының қатысуымен «Бүгінгі замандағы бойжеткеннің келбеті» тақырыбында пікір талас өткізілді. Ондағы мақсат - қызы баланың бойындағы нәзіктігі мен құндылықтары туралы ақпарат алmasу болып табылады. Қыздарымыз «Қызды қырық үйден тыйым» деген мәтелін негізге ала отырып, ой алмасты.

Ортаңғы және жоғарғы буын сынып қыздарына сауалнама жүргізілді. Нәтижесі өндөліп, анықтамасы жазылды. Ондағы мақсат – өзін ұстауы, мәдениеттілігі, көркемділігі туралы ақпарат алыш, кеңес беру болып табылады. Сауалнамаға 123 қызы бала қатысты. Сауалнама соңында қыздарға бағыт-бағдар көрсетіліп, кеңес берілді.



/сауалнама алу барысы/



«Бой түзеу – әуелі ой түзеу» тақырыбында өткен конференцияға аудандық орталық және ауылдық аурухананың дәрігері, мектеп дәрігері, мектеп психологи, құқық пәнінің мұғалімі К.Ербосын қатысып, мектептегі окушылардың құқық бұзушылығының алдын алу, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық Кодекс» заңдары аясындағы жауаптылығын айта келе т.б. Әмір сабактары жан-жакты айттылды. Жиын барысында қызы балдарға жыныстық аурудың алдын алу, ерте жүктілікті болдырмау мен зардалтары егжей тегжей талқыланса, ер балдарға жыныстық жолмен берілетін аурулар мен сұық қарулардың өмірге қаупі өте үлкен екенін, олардың зардалтары жайлы айтып өтті. Әр сала маманы қойылған сұрақтарға толықтай жауап беріп, кеңестерімен бөлісті. Онда қойылған сұрақтар төмендегідей болды:

1. Темекі шегетін адамның өмірі қысқа болады ма?
 2. Тәуелділік дегеніміз не?
 3. Ағзадағы өзгерістер туралы айтсаңыз?
 4. Сырт келбеттегі өзгерістер
 5. Жыныс ағзаларындағы өзгерістер
 6. Қазіргі тәрбиемен бұрынғы тәрбиені салыстырғанда айырмашылық бар ма?
- Басқа да сұрақтар талқыланып, мамандармен ой бөлісті.



/конференциядан көрініс/

«Мен қандаймын?» атты сурет байқауына 7-8 сыныптардан қатысқан Г.Заманбек, Н.Нұртас, А.Амирбек сынды оқушылар қазіргі қыз бейнесін сала отырып, шығармашылықтарымен ерекшелене білді.



/қыздардың жеке шығармашылығынан көрініс/

«Қыз бала тәрбиесінің ерекшеліктері» атты дөңгелек үстелде 7-9 сыныптың қыз балалары қамтылды. Өткен дөңгелек үстелден сон кейір оқушылар өз бойындағы кемшіліктен арыла білуі керек, бұл әрбір адам болам, азамат болам деп құлшынған жанның қолынан келер нәрсе. Бүгінгі бозбала –ертеңгі қамқор әке, баланың панасы, әулеттің тірегі, бүтінгі бойжеткен - ертеңгі аяулы ана, ақылшы әже, әулеттің үйтқысы. Айтылған мәнді сөздерден оқушылар мол мәліметтер алды.



/дөңгелек үстелден көріні/

Сынып тәрбиешілері бірлесе отырып, 8-10 сыныптың оқушыларымен «Қыз-өмірдің гүлі» тақырыбына эссе жазып, коллаждар құрастырды. Оқушылар топқа бөлініп, ұжыммен

жұмыс жасаудың маңызын түсініп, тақырып аясында құрастырған коллаждарын жан-жақты қорғап берді.



/эссе, коллаждан көріні/

«Мені толғандырған сұрақтар» тақырыбында интернат қыз балалары сауалдарына жауап алды. Яғни, сұрақ-жауап, кеңесу, тәжірибе алмасу секілді әдістер қолданылды.

Онқұндіктің қорытынды сәтінде жоғарғы сыныптың қыз балалары арнайы даярлаған флешмобын қорсетті. Қорытынды сөзді ДТІЖО З.Петралиева алып, өткен онқұндікті қорытындылап, белсенділік танытқан окушыларға алғысын білдірді.



/флешмобтан көрініс/

Кеңес беру бағыты бойынша О-49, Т-15, М-16, А-А-34 кеңес берілді. Тәрбиешілердің сұранысы бойынша 12 окушымен жұмыс жүргізілді. (жекеленген сауалнама алынып, «Бір қыз туралы ертегі» әдісі қолданылды).



Мектеп директоры:

Ж.Т.Ахмедов

Орындаған педагог-психолог А.Ниязбекова